

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

«Мектеп жасына дейінгі балалардағы тілдік кемістікті жою бойынша тәрбиелік түзету жұмыстарда ата-аналардың қатысуы»ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75166/>

Арнайы мектеп жасына дейінгі жұмысты ұйымдастыру жағдайында ата-аналармен жұмыс жасау бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Ұйымдастыру кезеңі: ата-аналармен жұмысты олардың балалары топқа келуден бастап қамтиды;
2. Оқыту кезеңі : тілінде ақаулықтары бар балалардың ата-аналарымен жүйелік жұмыс жүргізу болып табылады;
3. Соңғы кезең: отбасымен жұмыс істеудің тиімді әдістерін анықтау.

Ұйымдастыру кезеңі

Осы кезеңнің мақсаты: қызметтес болуға отбасының психологиялық дайындығы, баланың жеке басына отбасы мүшелерінің тепетең қатынасын қалыптастыру, балаларды тексеру нәтижесі туралы ата-аналарды хабарлар ету, үй жағдайында балаларға бақылау жасау, тіл ақауы бар балалармен түзету оқу бағдарласымен ата-аналарды таныстыру.

Осы кезеңде ата-аналармен жұмыстың негізгі түрлері:сауалнама, ағартушы-дәрістік, көрнекі-ақпараттық түрлері жүргізіледі. Тіл ақауы балалармен түзету жұмыстың бастапқы кезінде сауалнама әдісі қолданылады., ол бала және оның отбасы туралы келесі бөлімдер бойынша деректер алуды қарастырады: бала туралы мәлімет, баланың тәрбиелеу жағдайының сипаттамасы, отбасының оның дамуына ықпал етуі, отбасының логопедпен қызметтес болуға дайындығы.

Бала тілінің кемістігін жоюда логопед ата-ананың ерекше рөліне бөледі және қажеттіліктерін белгілейді: балаға талап қоюдың бірлігіне , тапсырманы орындағанын бақылау; балаға дәптерін, ойын, дидактикалық материалдарды жүргізуге көмектесу; балабақшада ата-аналар үшін өткізілетін шараларда қатысу.

Оқу кезеңі

Бұл кезең түзеу- дамыту жұмыс үрдісіне отбасын бірте-бірте кірістіруді қарастырады. Кезеңнің мақсаты: тіл ақауы бар баланың сөйлеуін дамыту және жалпы психикалық

мәселелер бойынша білімді кеңейту: ата-аналардың балалармен отбасында түзету жұмысының әдістеріне оқыту, отбасылық тәрбиелеу процесінде сөйлеуді дамыту дағдыларына және ептілікке ата-аналарды үйрету. Осы кезеңдегі ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың негізгі түрлері: кеңестік- ұсыныстық, ағарту-дәрістік және көрнекі- ақпараттық түрлері болып табылады.

Логопедтің кеңестік – ұсыныстық жұмысының негізгі мәселесі үлкендермен мен балалардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру болады, ол балаларды еріксіз жаттығу жасауға және жаңа сөйлеу дағдыларына итермелейді., сол сияқты олардың белсенді сөйлеуіне ықпал етеді.

Ата-аналармен оқу жылының барлық ағымында ашық логопедиялық іс-әрекеттер жүргізіледі. Осы іс-әрекеттерде ата-аналар логопедтің негізгі әдістерімен, көрнекі-иллюстрациялы және сөйлеу материалдарымен, сондай-ақ сабақ үрдісін балаларға сөйлеуіне қойылатын талаптармен таныстырады.

Қортындылау кезеңде логопед пен ата-аналардың арасындағы байланыс болуда келесі мәселелер шешіледі: отбасымен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін анықтау, оқу барысында алған тәрбиелеу білімін ата-аналармен отбасы жағдайында нығайтуды үйрену; мектеп жасына дейінгі түзету мен оқытуда ата-ананың шығармашылық жұмысына ықпал-ету; ата-аналармен үй жағдайында логопед тапсырмасын орындауына бақылау түрлерін қолдану. Осы кезеңдегі отбасының логопедпен өзара қатынас процесінің мағыналы- құрымдылық негізгі ерекшеліктері болып топта дискуссия өткізу, оның барысында ата-ана пікірімен, түзету мәселелерді шешудің түрлері туралы ойларымен алысады. Аяқтау кезеңінде сөйлеуі жетілмеген мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және түзету оқу үрдісіне ата-аналардың саналы қатысуы, балаларда сөйлеу және әлеуметтік қатынастық дағдыларды тиімді дамыту, сондай-ақ баланың осындай сөйлеуі бұзылу түрімен үйлесімді дамуы логопед жұмысының нәтижесі болып табылады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.